

# Туған жердің қызықтары



*Елімізде табиғат сыйлаған гажайып орындар жетерлік. Ісі аңқыған гүлдерге толы құлпырған далалар мен биіктігі бұлттарға жетіп бірақ тоқтайтын жұмбақ таулар әрдайым жұртшылық қызығушылын арттырып келе жатқандығы көңіл қуантады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанға қатынайтын туристер саны жыл өткен сайын артып келе жатыр. Атап өту керек, бұлардың көпшілігі табиғатты тамашалауға келгендер. Бұл қарқынмен алдағы жылдары, туристік державаларды қуып жетуіміз бек мүмкін. Тек жаратушы сыйлаған бұл гажайыптарды бағалай білген жөн.*

*"Алтын Емел" ұлттық паркі. Алматы облысы*

*"Алтын Емел" атауы моңғол тілінен шығады және "Алтын ер" дегенді білдіреді. Бір аңыздар бойынша, 1219 жылы Шыңғысханның әскері Орталық Азияны жаулап алуға аттанып, осы алқапты кесіп өтіп бара жатқанда, күн батып бара жатқан шақта сарғайған шөп жамылған тауларды көріп, ұлы қолбасшы "Алтын ер!" деген екен. Алтын Емел асуы шын мәнінде, сырттай қарағанда ер-тоқымға ұқсайды.*



*Ақтолағай. Үстірттің солтүстік шеті. Ақтөбе облысы Шатқал үлкен аумақты алып жатыр. Бұл мекен әлі көпшілікке танымал емес, әрі туристердің келуі де қиын. Мұнда табиғат ақ бор түсті керемет ландшафт жасап шығарыпты.*



*Торыш - шар тәрізді конкрециялар алқабы. Маңғыстау облысы  
Бір аңыздар бойынша, Маңғыстау жеріне жау басып кіреді.  
Жергілікті тұрғындар аспанға қол жайып, көмек сұрайды. Сол  
кезде аспаннан нөсер құйылып, күн күркіреп, найзағай  
жарқылдай бастайды. Бір сәтте жау әскерінің бәрі тасқа  
айналып кете барады. Осылайша айрықша тас мүсіндер - шар  
тәрізді конкрециялар шашылған алқап пайда болған екен.*



*Бозжыра шатқалы. Маңғыстау облысы*  
*Бозжыра – Үстірттің шеткі шыңдарының бір бөлігі.*  
*Мұнда табиғат қиялына ерік беріп, ақ түсті ерекше*  
*ландшафт жасап шығарған.*

